





## 15 мамыр-Халықаралық отбасы күні

Атаулы мерекеге орай гимназиямызда «Отбасы-адамгершіліктің алтын қазынасы» атты апталық болып өтті. Апталық барысында білім алушылар «Отбасыма тілек» атты қабырға газетіне өздерінің ата-анасына деген ізгі тілектерін жазды.



12 мамыр күні жанұя құндылықтарын насихаттап, отбасылық сүйіспеншілік пен ынтымақтастықты арттыру мақсатында үлгілі отбасылармен кездесу болып өтті. Кездесу барысында «Үлгілі отбасы болу дегеніміз не?», «Отбасындағы әкенің ролі», «Отбасындағы жақсы дәстүрлер», «Балалардың ата-аналары туралы ойлары» сияқты сұрақтар төңірегінде ой қозғалды. Кездесуге келген әрбір отбасы өз жанұяларындағы жақсы дәстүрлермен бөлісіп қана қоймай, балаларға ақыл-кеңестерін берді. Кездесуге келген үлгілі отбастары алғыс хаттармен марапатталды.





13 мамыр күні «Отбасы-көркем әдебиетте» атты танымдық кеш болып өтті. Кешке 4ә сыныбының ата-аналары қатысты. Сыныптың білім алушылары әдеби оқулықтарды өте жақсы оқиды. Ата-аналар балаларын көптеген көркем әдебиеттермен қамтамасыз етеді. Кеш барысында ата-аналармен «Балалар әдеби кітаптарды оқуына қалай уақыт табады?», «Кітап оқуға қалай қызықтыра алдыңыздыр?», «Қандай әдеби кітаптарды оқығанды жақсы көреді?» деген сұрақтар төңірегінде әңгіме қозғалды.



15 мамыр күні бастауыш сынып білім алушылары арасында «Мен және менің отбасым» атты әдеби танымдық кеш болып өтті. Кештің мақсаты: өскелең ұрпақ бойында азаматтық және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру. Кеш барысында тақырыптық әндер орындалып, 24 білім алушы отбасы туралы слайдтар қорғады.









Апта соңында «Парасатты арулар мен ержүрек азаматтар» атты сайыс болып өтті. Сайыс қазақ хандығының 550 жылдығына орай өткізілді. Нәтижесінде I орынды-7 сынып, II орынды -6ә сыныбы, III орынды-5ә сыныптары иеленді.

Орындаған: Жасаганбергенова Б.И